



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕРІ

Туякова Ажар

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Құқықтану» мамандығының
1-курс студенті, Астана, Қазақстан
(ғылыми жетекші-Ибрагимов Ж.И.)

Ең бақытты ұрпақтан мың да бір сәлем! Біз зайырлы, заңды әлемнің тұрғындарымыз. Өзгелердің және өзіміздің құқытарымызды, бостандықтарымызды біліп, оларды сыйлап ғұмыр кешудеміз. Бүгінгі әлем демократия сияқты ұғымды насихаттауда.

Демократия – сөзі (гр. demos – халық және гр. kratos – билік) деген сөздерінен шыққан, яғни “халықбилігі” деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз бірнеше мағынада қолданылады:

1 Мемлекет түрі.

2 Тендік, сайлау,

көпшілік дауыспен шешім қабылдау принциптерінен негізделген ұйымның ұйымдастырылу түрі.

3 Қоғамдық құрылымның мұраты.

Қоғамдағы саяси қатынастардың демократиялық негізі

Принциптері:

1. Адам құқықтары

2. Билік органдарын сайлау.

3. Биліктің бөлінуі.

4. Саяси пікірдің әр тектілігі.

5. Бостандық, жауапкершілік бірлігі.

6. Заң.

7. Қоғамдық пікірді ескеру.

8. Азшылықтың өзіндік көзқарасқа құқы.

9. Жариялылық.

Ең алғашқы және ең маңызды демократия принциптердің бірі және осы мақаланың негізгі тақырыбы - адам құқықтары.

Адам құқықтары 12 әріп, бірақ әлемдік мәселерге жататын, заң саласының, біздің өміріміздің ең маңызды ұғымы.

Адам құқықтары — адамның өз мүдделерін заң шеңберінде жүзеге асыру мүмкіндігі.

Адам құқықтары табиғи және әлеуметтік болып екіге бөлінеді. Табиғи құқықтар дегеніміз — адамның тіршілік етуінен туындайтын (мысалы, өмір сүру, еркіндікке жету, жеке басына тиіспеушілік т. б.) құқықтары. Әлеуметтік құқықтар дегеніміз — адамның мемлекетпен өзара әрекеті процесінде пайда болатын (мысалы, білім алуға, еңбек етуге, бақуатты өмір сүруге, азаматтық алуға, сот әділдігіне жүгінуге, еркін жүріп-тұруға, мүліктерді иеленуге) құқықтары. Адам құқықтарының қағидалары ұлттық деңгейде Конституцияда (Қазақстан Республикасының Конституциясы, 10-39 баптар) және заң актілерінде (мысалы, Азаматтық Кодексте, Қылмыстық Кодексте, жарлықтарда, арнаулы заңдарда) қарастырылады. Халықаралық деңгейде адам құқықтарын қорғау, ең алдымен адам құқықтары жөніндегі халықаралық билікпен негізделген; оған адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы (10.12.48), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пакт (12.12.66), Азаматтық және саяси құқықтар туралы пакт (19.12.66), Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге факультативтік хаттама (19.12.66), Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге екінші факультативтік хаттама (19.12.66) енеді. Адам құқықтарының жекелеген аспектілері халықаралық конвенцияларда көрініс тапқан. Олар адамның нақты құқықтарын немесе кешенді құқықтарын қорғауға: нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жоюға, адамды кепілдікте ұстауға қарсы күресуге, жәбірлеп, қинауға тыйым салуға, апартеидтік қылмыстардың жолын кесіп, ол үшін жаза белгілеуге, т.б. бағытталған. Адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғап, қамқорлау ісі Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕҰ), Мәдениет пен білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұйым (МБСҰҰ, яки, ЮНЕСКО), Дүниежүзілік

Денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) сияқты БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерінің практикалық іс-әрекеттерімен, халықар.-құқықтық актілерімен жүзеге асырылады.

Алғаш адам құқықтары түсінігі ресми түрде 1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен қабылданды.

Құжатта белгіленіп, бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарының жалпыға бірдей мойындалуын, сақталуын және тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қарастырылады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы ерекшелігі мен маңыздылығы адам құқықтары мен бостандықтарын алғашқы болып халықаралық дәрежеге көтергендігінде жатыр. Декларацияның міндеттілігі, заңдық сипаты жоқ, яғни бекітілген нормалар сөзсіз орындалуға тиісті емес. Дегенмен құжатта белгіленген адам құқықтары мен бостандықтары жөніндегі қағидалардың маңыздылығына байланысты Декларация жалпыға бірдей акт ретінде танылады және оны қабылдауға дауыс берген мемлекеттердің барлығы бірдей орындауға тырысады. Алайда, қазіргі таңда осы адамдар құқығына байланысты көптеген мәселелер қарастырылады. Мысалы 2003 жылдан бастап Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий жарияланған. Бірақ мораторий бұл жаза түрінен толықтай бас тартушылық деп айтсақ, айып болар. Мораторий (латын *moratorium* – кейінге қалдыру, соза тұру) – мемлекеттің өз іс-әрекетінің, халықаралық міндеттемелерінің, шарттарының орындалуын тоқтата тұруы. Бұл дегеніміз кез келген сәтте бұл жазаның заңдық күшіне ену мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Осыған байланысты көптеген пікір талас жүргізіліп келе жатыр. Кейбіреулер осы жазаның болуын дұрыс деп, мақұлдаса. Басқалары оны адам құқықтарына қарсы акт ретінде қарастырады. Сонымен, қай жақтың пікірі дұрыс?

Ату жазасын әлемде 58 мемлекет қолданады делінгенмен 2014 жылғы санақ бойынша олардың тек 22-сі ғана толық қолданып отыр. Жалпы, ату жазасын осы уақытқа дейін 98 мемлекет толық қолданыстан алып тастаған. Сондай-ақ, әлемнің 35 елінің заңында ату жазасы туралы бап болғанымен, практикалық тұрғыдан әлі қолданылмай отыр. Ату жазасын қолданатын елдердің қатарында Белоруссия, АҚШ, Ауғанстан, Вьетнам, Иордания, Ирак, Иран, Йемен, КХДР, ҚХР, Малайзия, БАӘ, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Сингапур, Жапония, Палестина, Қытай Республикасы, Египет, Сомали, Судан, Экваторлық Гвинея бар. Барбадос, Гайана, Тринидад и Тобаго, Бангладеш, Бахрейн, Үндістан, Индонезия, Катар, Кувейт, Ливан, Мальдив аралдары, Мьянма, Корея, Таиланд, Шри-Ланка, Алжир, Ботсвана, Гамбия, Гана, Замбия, Зимбабве, Кения, Конго Демократиялық республикасы, Конго Республикасы, Лесото, Ливия, Мавритания, Мали, Марокко және Сахар Араб Демократиялық Республикасы, Нигерия, Сьерра-Леоне, Тунис, Уганда, Оңтүстік Судан елдерінде заң жүзінде ату жазасы бар болғанымен, бірақ қолданылмайды.

Еуропа Кеңесі Адам құқықтары мен бостандығын қорғау туралы конвенцияға қосымша 1983 жылғы 28 сәуірде өлім жазасын жою туралы №6 хаттама қабылдады. БҰҰ Бас Ассамблеясы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықар. пактіге қосымша 1989 жылы 15 желтоқсанда өлім жазасын жою туралы екінші қосымша хаттама қабылдап, әлем елдерін сол хаттамаға қол қойып, қосылуға шақырды. Осы шаралардан кейін әлемнің 80-нен астам мемлекеті өз қылмыстық заңынан өлім жазасын алып тастады. Қазақстанда өлім жазасы (ату) тек айрықша ауыр қылмыстар (лаңкестік, геноцид, айуандықпен кісі өлтіру, т.б.) үшін тағайындалады. 18-ге толмаған жасөспірімге, әйел адамға, сот үкімі шыққанға дейін 65 жасқа толған ер адамға қолданылмайды. Рақымшылық жасалған жағдайда өлім жазасы өмір бойына немесе 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылуы мүмкін. Қазақстанда 2003 жылдан бастап өлім жазасына мораторий жарияланған.

Қазақстанда өлім жазасына тыйым салынғанға дейін 536 өлім жазасы қолданылған екен. Сондай-ақ, 2014 жылы Қазақстанда өлім жазасынан толықтай бас тарту жайлы әңгімелер де болды. Сарапшылар сол кезде өлім жазасының криминогендік жағдайды тоқтатпайтынын айтқан еді. Сонымен қатар, олар өлім жазасына ұқсас жаза ретінде өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға болатынын айтты.

Адам құқықтары декларациясының 3 бабына сәйкес :

Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке бас сұғылмауына құқылы.

Бұл жерден біз адам өмірінің маңыздылығын байқай аламыз .Ия,өмірдің маңыздылығын барлығымыз білеміз бірақ осы декларация бойынша тіпті Республиканын өзі адамды өмірінен айыруға ешбір құқығы жоқтығын мәлімдейді.

Омархан Өксікбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:– Меніңше, біреудің өміріне қатысты шешім қабылдаған кезде ойлануымыз керек. Ол адам өз ісіне жауап беруі керек. Құқық қорғау органдары көзін жоюды емес, бірінші кезекте қолға түсіруді ойластыруы керек. Содан кейін барып тергеу жұмыстары жүргізіледі. Бәлкім олардың арасында кінәлі емес адамдарда болуы мүмкін ғой. Мен ешкімді қорғамаймын. Әркім өзінің істеген ісіне заң алдында жауап беруі керек. Қазір соғыс уақыты емес. Сондықтан барлығын ата беруді қажет емес деп ойлаймын.

Бұл жерден біз өлім жазасы қайтадан қолданысқа енетін болса туындайтын қатерлерді анық көре аламыз.Шынымен,Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрсетілген өлім жазасы құрамында 17 қылмыс бар, сондай-ақ аса ауыр қылмыс жасаған кезде қолданылады.Бірақ,сот істерін қарастырушы адам факторы болғандықтан әртүрлі ақаулықтар,келіспеушіліктер туынлауы әбден мүмкін .Сот практикасында жазықсыздан жаза тартқан адамдардың істері,жиі болмаса да кездеседі ,ал осы адамдарды өлім жазасына кесіп қойса,осы жағдайда не істеуге болады?Адамның өмірі натуралды құқықтардың ішіндегі ең маңыздысы және ең басты құқық сақталмаған жағдайда ,қалғандардың мәні неде?Алайда әлі күнге дейін мораторийді алып тастау туралы сұрақ көтерілуде.

Алматыда терроризм, қару-жаракты сақтау және қарақшылық жасау бойынша айыпталып отырған Руслан Күлекбаевтің ісі бойынша тараптарды қатар тындау өтті. Мемлекеттік айыптаушы 10 адамды атқан Күлекбаевті өлім жазасына кесуді сұрады. Өлім жазасына қатысты мораторий алып тасталмайтын болса да, сот оны өлім жазасына кесе алатын дәрежеге жетті . Бірақ оны орындау немесе орындамау басқа мәселе. Мораторийге қарамастан, қоғамда жазалаудың ең қатаң түрін қайта енгізу мәселесі талқыланып келеді.

Осы жайлы Ал ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымының докторы, профессор Сұлтан Сартаев: Мен 2004 жылдың қаңтар айынан бастап өлім жазасына мораторий жариялау туралы жарлық шыққан кезде-ақ оған қарсылық білдірген едім. Өйткені ол кезде біздің құқықтық, мәдениеттік санамыз өлім жазасына мораторий жариялайтындай деңгейге әлі жеткен жоқ еді.Әлі де сондай. Өз басым қатыгез қылмыстың өтеуі өлім жазасы деп білемін. Сондықтан өлім жазасын қолдаймын. Қоғамда тәртіп орнауы үшін өлім жазасы қолданылуы қажет. Өркениетті елдер моральдық санасы көтеріңкі, құқықтық санасы биік болғандықтан өлім жазасын алып тастады. Біз де уақытша мораторий жариялап қойдық. Негізі, қоғамымыздағы қалыптасып отырған қылмыстық ахуалға орай осы мораторийді алып тастап, қайтадан өлім жазасын қолдана бастасақ, дұрыс болар еді. Өлім жазасын адамды тонау мақсатында қасақана өлтірген қылмыскерлерге, педофилдерге, террористерге қолдануды жөн көремін. Өйткені террористік әрекет орын ала қалған жағдайда террорист жүздеген адамның өліміне себеп болуы мүмкін", - дейді ол.

Менің ойымша ,өлім жазасы ол ескіліктің көзі .Біз қазіргі күні демократиялық мемлекетте өмір сүреміз адам қандай да қылмыс жасасада ,өмірден айыру ешқашан нәтижеге алып келмес.Әлемді қозғаушы елдердің көбісі өлім жазасынан бас тартқан.АҚШ-та өлім жазасының орнына 200-300 жылға дейін соттап, үкім шығарады .Әлемдегі ең қауіпсіз мемлекеттердің бірі Финляндияда ең соңғы рет 1825 жылы өлім жазасы қолданылған .Шын мәнінде де ,өлім жазасы ешқандай қауіпсіздік бермей,қоғамды әрі қарай тартады .

Осы жайлы мен Астана қаласының заңгерлер қауымының мүшесі -Дүйсенбаев Думан ағамыздан сұхбат алдым:

Ажар:Қайрлы күн,сіз бүгін өте көп пікір талас тудыратын мәселе өлім жазасына мораторий қолдану жайлы не ойлайсыз?

Думан:Жеке өз пікірім бойынша, адам бұл дүниеге өз еркімен келмейді. Құдайдың қалуымен жарық дүниенің есігің ашасың. Сол себепті адам өмірін құдайдың өзі ғана алуы керек. Ал мынандай төтенше жағдай кезінде бөлек қарастыруымыз керек.

Ажар:Ал сұрақты мораль тұрғысынан емес,заң тұрғысынан қарастыратын болсақ?

Думан:Қазақстан халық-аралық аренада өзін бекітпекші жас мемлекет,Егер біз мораторийді алып тастайтын жағдайға жетсек,ең басты адами құндылықтарға қарсы келеміз.Тым эмоцияға ,моральдық стандартқа қатты сүйеніп кеттпей занын позитивті теориясын насихаттаған жөн деп санаймын

Шыныменде,ешбір өлім жазасын қолданатын ел өзін толықтай демократиялық етіп санай алмайды.Осы мораторий Қазақстандағы зайырлы мемлекет концепциясын жүзеге асыру үшін ,қылмыстық құқықтық одан әрі гуманизациялау мақсатымен қабылданды.Егер біз осы мораторийді алып тастасақ өзімізге қарсы келіп тұрғанымыз емес пе?

Қорытындылай келе ,ғалымдардын өзі бірнеше рет зерттеу жүргізіп ,өлім жазасы қылмыстың азаюына әсер етпейтінін дәлелдеді.Тарихта қателікпен өлім жазасына кесілген жандар туралы дерек өте көп. Мәселен, 1973 жылы АҚШ-та өлім жазасына кесілген 113 тұтқын қамаудан боса - тылды. Өйткені олардың кінәсіз екендері анықталған еді. Сол сияқты 1977 жылы АҚШ-та тағы бір өлімге кесілген қылмыскердің жазықсыз екені белгілі болып, ақталды. Осыдан кейін-ақ сол кездегі Иллинойс штатының губернаторы Джордж Райан өлім жазасына мораторий енгізді. Әлі күнге дейін АҚШ-тың кейбір штаттарында жазаның бұл түріне тыйым салынған.

Бәлкім, таяу болашақта өлім жазасын қолданатын елдердің саны тіптен азая түсер және осы елдер қатарында Қазақстан қалады деп үміттенемін

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Али-заде А. А. Смертная казнь // Исламский энциклопедический словарь. — М.: Ансар, 2007. — 400 с.
- 2)Анашкин Г. З. Смертная казнь в капиталистических государствах. — М.: Юридическая литература, 1971. — 144 с.
- 3) Викторский С. К. История смертной казни в России и современное её состояние. — М.: тип. Императорского московского университета, 1912. — 388 с.
- 4)Гернет М. Н. Смертная казнь. — М.: Типография «Я. Данкин и Я. Хомутов», 1913. — 149 с.
- 5)"ҚазақЭнциклопедиясы"

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЕГЕМЕНДІК ИДЕЯЛАРЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КОНСТИТУЦИЯСЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Үсен Жанибек

Janibek_shugaev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Б.Абдрасулов

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына ширек ғасырға жуық уақыт болды. Осы уақытқа дейін осыған орай елімізде көптеген игі іс-шаралар өткен болатын. Бір сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ата Заңымыз жайлы: «Конституция – біздің барша табыстарымыздың бастауы. Елдігіміздің киелі кітабына айналған қастерлі құжат – тұрақтылық пен татулықтың тұғыры» - деген еді [1].Шындығында, Конституция – кез келген мемлекеттің ұстанымын, тәуелсіздігін, ұлтының құндылығын айқындайтын негізгі құжат. Осыған орай Конституциямыздың маңыздылығына, қалыптасу тарихына тоқталып өткен жөн. Себебі, бүгінгі таңда Конституциямыздың негізі, оның қалыптасуына арқау болған құжаттар жайлы көбі біле бермейді. Сондықтан еліміздің конституциялық дамуына байланысты тақырыптарды зерттеу, оларды қайта саралау өте қажетті деп ойлаймыз. Соның ішінде мемлекетіміздің конституциялық-құқықтық дамуына Алаш қайраткерлерінің өзіндік қосқан үлесі зор. Сол себепті де бұл мәселе әлі де өзекті және бұның өзектілігі осы жұмысқа